ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 қараша №7527-23-00-2/12773 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Жүсіпбекованың төрағалық етуімен, қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Elit Tender Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процессуалдық кодексінің 222-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

шешім етті :

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талабы қанағаттандырылсын.

«Elit Tender Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Elit Tender Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай

Құжатқа қол қойылған: Жусупбекова Б. Б., 23.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.12.2023, судья Жусупбекова Б. Б., 24.01.2024
7527-23-3-1/16123

мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.Б. Жүсіпбекова

Құжатқа қол қойылған: Жусупбекова Б. Б., 23.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.12.2023, судья Жусупбекова Б. Б., 24.01.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7527-23-3-1/16123